

Арысқұм иінінің Оңтүстік Торғай құламасындағы мұнай және газ кен орындарының ілеспе және табиғи газдарын кешенді және тиімді пайдалану жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 ақпан N 281

Арысқұм иінінің Оңтүстік Торғай құламасындағы мұнай және газ кен орындарының ілеспе және табиғи газдарын кешенді және тиімді пайдалану, кен орындарының ауданындағы экологиялық жағдайды жақсарту және Қызылорда қаласының халқы мен жылу энергия көздерін газбен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Құмкөл-Ақшабұлақ-Қызылорда магистральдық газ құбырының құрылысын жобалауды және салуды "Арысқұм иінінің Оңтүстік Торғай құламасындағы газ кен орындарының ілеспе газын кәдеге жарату" жобасын іске асыруға олардың қатысу үлесіне сәйкес 2001 жылғы 1 ақпаннан бастап жыл сайынғы қаржыландыру туралы Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі қараған және мақұлдаған Арысқұм иінінің Оңтүстік Торғай құламасындағы мұнай және газ кен орындарының (бұдан әрі - Кен орындарының) жер қойнауын пайдаланушыларының ұсынысына келісім берілсін.

2. Қызылорда қаласының жылу энергетика көздерін және тұрғын-үй коммуналдық секторын Кен орындарынан келіп түсетін газды пайдалануға көшіру жөніндегі инвестициялық жобаны (бұдан әрі - Жоба) әзірлеудің және іске асырудың бастапқы кезеңін қаржыландыру үшін 2001 жылы Қызылорда облысының жергілікті бюджетінен 300 000 000 (үш жүз миллион) теңге мөлшерінде қаражат бөлу туралы Қызылорда облысы әкімінің ұсынысы назарға алынсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі белгіленген тәртіппен, оны Мемлекеттік инвестициялардың 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасының жобасына енгізу мәнінде Жобаны қарасын.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қызылорда облысының әкімі:

Кен орындарының жер қойнауын пайдаланушыларымен бірлесіп 2000 жылғы 26 қыркүйекте қол қойылған "Оңтүстік Торғай иініндегі мұнай және газ кен орындарының ілеспе газдарын кешенді пайдалану" Бас келісімін қабылданған міндеттемелерге сәйкес уақытылы және толық іске асыруды қамтамасыз етсін;

жер қойнауын пайдаланушыларының, "Мұнай-газ ҒЗЖИ" институты" жабық акционерлік қоғамы - бас жобалаушының (Ақтау қаласы) және "Энергетика өнеркәсібі

ҚазҒЗЖИ" институты" жабық акционерлік қоғамының (Алматы қаласы) басшыларын жүргізілетін жұмыс туралы тоқсан сайын тыңдай отырып, "Арысқұм иінінің Оңтүстік Торғай құламасындағы газ кен орындарының ілеспе газын кәдеге жарату" жобасын уақытылы іске асырудың барысына бақылау орнатсын.

5. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар

министрлігі және Қызылорда облысының әкімі осы қаулының орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне тоқсан сайын ақпарат берсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.